

Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 7 маусым N 54-II

Қазақстан Республикасы Женевада 1971 жылғы 29 қазанда жасалған Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенция (2001 жылғы 3 тамызда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Қатысушы мемлекеттер, заңсыз көбейтілген фонограмма таралымының барған сайын арта түсуі және соның салдарынан авторларға, артист-орындаушыларға және фонограмма жасаушыларға келтірілген шығындарға алаңдаушылықпен;

фонограмма жасаушылар мүдделерінің осы секілді актілерден қорғалуы артист-орындаушылардың және авторлардың көрсетілген фонограмма жазылымындағы орындаулар мен туындылар мүдделеріне жауап береді деген сеніммен;

білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының және Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының бұл салада атқарған жұмыстарының аса бағалалығын м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

қолданылып жүрген халықаралық конвенцияға ешқандай нұқсан келтірмеуге, және оның ішінде қандай да бір жағдайда болмасын аса кең көлемді қамтитын артист-орындаушылардың және фонограмма жасаушылармен тең дәрежеде радио хабарын тарату органдарын қорғауды қамтамасыз ететін

1961 жылғы 26 қазандағы Рим конвенциясына қайшы келмеуге ұмтыла отырып; мына төмендегілерге уағдаласты:

1-бап

О с ы К о н в е н ц и я м а қ с а т т а р ы ү ш і н :

- а) фонограмма деп дыбыстардың кез келген айрықша дыбыстық жазылымдары;
- б) фонограмма жасаушы деп дыбыстарды фонограммаға алғаш рет жазған жеке

н е м е с е

з а ң д ы

т ұ л ғ а ;

с) көшірме тасымалы деп фонограммадан тікелей немесе жанама түрде жазып алынған және осы фонограммада жазылған дыбыстардың бәрін немесе айтарлықтай бөлігін құрайтын дыбыстар;

д) таратылған жариялымдардың ішіндегі кез-келген акт деп көшірмесі жариялымға түпкілікті немесе оның кез келген бөліктері тікелей немесе жанама түрде ұсынылатындығы ұғынылады.

2-бап

Қатысушы-мемлекеттің әрқайсысы өзге қатысушы-мемлекеттің азаматы болып табылатын фонограмма шығарушының мүддесін шығарушының келісімінсіз фонограмма көшірмесін шығарудан және егер мұндай көшірмені аты аталған өндіріс әр кезде сыртқа шығаруға немесе сыртқа шығарып оларды жариялымдармен қоса тарату мақсатында жүзеге асырса, сондай-ақ бұл көшірмелерді жариялым арасында таратудан қорғауға міндеттенеді.

3-бап

Қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық заңымен заң шараларын анықтау құқығы осы Конвенция арқылы қолданылады және бір немесе бірнеше мынадай шараларды енгізе отырып: авторлық құқық немесе өзгеде айрықша құқық беру арқылы қорғау; жалған бәсекеге қатысты заңмен қорғау; қылмыстық талап ету арқылы қорғау сақталады.

4-бап

Қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық заңында ұсынылған қорғаудың қолданыс мерзімін анықтау құқығы сақталады. Бірақ, егер ұлттық заң қорғаудың белгілі бір мерзімін көздесе, онда бұл мерзім жиырма жылдан кем болмауға, жыл басынан не соңынан бастағанда, яғни фонограмманың бірінші жазылымы жасалған кезде, болмаса оның алғаш рет жарияланған жылдың соңында болуға тиіс.

5-бап

Қатысушы-мемлекеттердің бірі өздерінің ұлттық заңына сәйкес фонограмма шығарушылардың мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін талаптар ретінде заңды қалыптасқан тәртіпте орындалуын талап еткен жағдайда, бұл заңды қалыптасқан тәртіптер егер жариялымда таратылатын рұқсат етілген барлық фонограмма көшірмелері немесе оның қабында арнайы (R) нышаны түріндегі алғашқы шыққан жылы көрсетілген жазбасы бар болса, яғни аталған фонограмманың қорғалғандығы айқын көрініп тұрса; егер көшірмесі немесе оның қабтары фонограмма шығарушыны

анықтамаса, оның мұрагерлерінің немесе лицензия иесінің аты-жөні, маркалары немесе өзге де белгілер арқылы ескерілмесе, онда жазба шығарушының аты-жөнін, оның мұрагерін немесе нағыз лицензияның иесін енгізуге тиіс.

6-бап

Авторлық құқық немесе өзге де айрықша құқық беру арқылы немесе қылмыстық талап етуді қолдану жолымен қорғауды қамтамасыз ететін қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысы фонограмма шығарушылардың мүддесін қорғауға қатысты өзінің ұлттық заңындағы шектеулерді қайта қарай алады, осы сипаттағы әдеби және көркем туынды авторларының мүддесін қорғауға да жол беріледі. Бірақ міндетті лицензия тек қана мына төмендегі талаптар қанағаттандырылса ғана қайта қаралуы мүмкін:

- а) қайта көбейту оқытуға немесе ғылыми зерттеу мақсаттарына арналғанда ғана;
- б) кімнің құзыретті органы лицензия беруіне орай лицензия қатысушы-мемлекеттердің аумағында ғана көбейтуге жарайды және экспортқа көшірмесі таратылмайды;
- в) лицензияның күші бар кезде жасалған жаңғыртулар аталған органдардың шығарылатын көшірменің санын, өзге де есептер арқылы анықтаған әділ сыйақы құқын өзінде сақтайды.

7-бап

1) Осы Конвенция ешқандай жағдайда ұлттық заңмен немесе халықаралық конвенциямен берілген авторлардың, артист-орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе радио хабарын таратушы органдардың мүдделерін қорғауға ешқандай да шек қоюшы, нұқсан келтіруші ретінде тәпсірленбейді.

2) Қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық заңы қажет болған жағдайда орындаулары фонограммаға жазылған артист-орындаушылардың мүддесін қорғау саласын айқындайды, сондай-ақ олар осы талаптарда осындай қорғауды пайдалана алады.

3) Қатысушы-мемлекеттердің бірде бірі осы Конвенция күшіне енгенге дейінгі жазылған фонограммаға қатысты аталған мемлекет аумағында осы Конвенция ережелерін орындауға міндетті емес.

4) Қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысы, 1971 жылғы 29 қазандағы ұлттық заңы фонограмма өндірушілер алғашқы жазылым орыны негізінде ғана олардың мүдделерін қорғайды, Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының Бас директорында депозитке салынған хабар беру жолымен, бұл өлшемнің шығарушының азаматтық өлшемінің, орнына қолданылатынын мәлімдей алады.

8-бап

1) Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының халықаралық бюросы фонограмманы қорғауға қатысты ақпараттарды жинайды және жариялайды. Қатысушы жақтастардың әрқайсысы осы мәселелер бойынша барлық жаңа заңдарды және ресми мәтіндерді кідіріссіз бюроға хабарлайды.

2) Халықаралық бюро олардың өтініші бойынша кез-келген қатысушы-мемлекеттерге осы Конвенцияға қатысты мәселелер бойынша ақпарат береді, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделгеніндей қорғауды жүзеге асыруды жеңілдету мақсатында зерттеулер жүргізеді және қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

3) Халықаралық бюро жоғарыдағы 1 және 2-тармақтарда жазылғандай білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымымен және олардың тиісті құзыретіне қатысты мәселелерде еңбек ұйымымен функциялар атқарады.

9-бап

1) Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының депозитіне салынады. Ол 1972 жылдың 30 сәуіріне дейін қол қою үшін Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кез-келген мемлекеттер үшін, Біріккен Ұлттар Ұйымымен байланысты мамандандырылған мекеменің бірінен, немесе атом қуаты жөніндегі Халықаралық Агенттіктің немесе Халықаралық Сот Статуты жақтастары үшін, ашық күйінде қалады.

2) Осы Конвенция оның қол қойған жақтастарының бекітуіне немесе қол қоюына жатады. Ол осы баптың 1-тармағында аталғандай оған кез-келген мемлекеттің қосылуы үшін ашылған.

3) Бекіту, қабылдау немесе қосылу актілері Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысына депозитке салынады.

4) Қатерге алынатыны, мемлекет осы Конвенциямен байланысты болған сәтте, ол өзінің ұлттық заңына сәйкес осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруға жағдайы болуға тиіс.

10-бап

Осы Конвенцияға қатысты ешқандай да желеуге жол берілмейді.

11-бап

1) Осы Конвенция бекіту, қабылдау немесе қосылудың бесінші актісі депозитке салынғаннан кейін үш ай өткенде күшіне енеді.

2) Осы Конвенцияны бекіткен немесе қабылдаған яки оған қосылған мемлекеттердің әрқайсысы үшін Конвенцияға қатысты бекіту қабылдау немесе қосылу

туралы бесінші акты депозитке салынғаннан кейін Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымы Бас директоры 13-баптың 4-тармағына сәйкес осы мемлекеттердің актыға депозитке салынғандығы туралы мемлекеттерге хабарлаған мерзімнен кейінгі үш айдан соң осы Конвенция күшіне енеді.

3) Мемлекеттердің әрқайсысы бекіту, қабылдау немесе қосылу сәтінде немесе кейінгі кез-келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысына халықаралық қатынастарды қамтамасыз ететін бұл Конвенцияның барлығына бірдейлігін немесе қандай да бір аумаққа қолданылатынын хабар-хат жөнелтіп мәлімдей алады. Бұл хабар-хат оны алған мерзімнен кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

4) Бірақ жоғарыдағы тармақ ешқандай жағдайда да үнсіздіктің келісушілік белгісі ретінде немесе қандай да бір қатысушы-мемлекеттердің, яғни осы Конвенция өзге қатысушы-мемлекеттерге аталған тармақтағы күшімен таратылатын кез-келген аумаққа нақтылы ереже қабылдауы ретінде тәпсірлене алмайды.

12-бап

1) Қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысы 11-баптың 3-тармағында айтылғандай не өз атынан, не өзге біреулердің атынан немесе барлық аумақтың атынан Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының атына жазбаша хабарлама-хат жолдап осы Конвенцияны депозитке салуына құқы бар.

2) Депозитке салу алдыңғы тармақта айтылған хабар-хатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы алған күннен кейін он екі айдан соң күшіне енеді.

13-бап

1) Осы Конвенцияның ағылшын, испан, орыс және француз тілдеріндегі бір данасына қол қойылады, төрт тілдегі барлық мәтіннің күші бірдей.

2) Мүдделі үкіметтермен болған консультациядан кейін Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының Бас директоры араб, голланд, итальян, неміс және португал тілдерінде ресми аудармаларды қамтамасыз етеді.

3) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының Бас директорына, Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорына және Халықаралық еңбек ұйымы Бас директорына мына төмендегілер туралы хабарлайды:

а) осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттерді;
б) бекітілген, қабылданған немесе қосылғандық жөніндегі депозитке салынған актілерді;

с) осы Конвенцияның күшіне енген мерзімін;

д) 11-баптың 3-тармағына сәйкес жіберілген хабар-хат туралы кез-келген өтініштерді;

